

45

**Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
(Қазақстан Республикасы)**

және

**Башқұрт мемлекеттік университеті  
(Башқұртстан Республикасы, Ресей Федерациясы)  
арасындағы**

## **ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ-ШАРТ**

ЕҰУ жарғысы негізінде әрекет ететін Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті атынан, ректор **Әбдірайым Б.Ж.** тұлғасында, бір тараптан, БашМУ жарғысы негізінде әрекет ететін Башқұрт мемлекеттік университеті атынан, ректор **Мұстафин А.Г.** тұлғасында, екінші тараптан, бұдан әрі «Тараптар» деп аталып, ғылым және білім саласындағы ортақ мүдделерді негізге ала отырып, білім, ғылым, мәдениет салаларында екіжақты халықаралық байланыстарды дамыту мақсатында, тарих, дәстүр, мәдениеттің ортақтығын назарға ала отырып, ынтымақтастық туралы келісімге келіп, төмендегі мәселелер туралы келісім-шарт жасасты:

### **1 бап**

Тараптар оқу, ғылыми-зерттеу, мәдениет, баспа және өзара мүдделі басқа да салалардағы ынтымақтастықты жүзеге асыруға келісті.

Осы ынтымақтастық тең-құқықтық қатынастар негізінде және қазіргі заман технологияларының барлық құралдары мен мүмкіншіліктерін қолдану арқылы құрылады.

### **2 бап**

Тараптар арасындағы ынтымақтастық түрлері:

- Зерттеушілер, магистранттар және докторанттар алмасу;
- Оқытушылардың біліктілігін арттыру мақсатында өзара ықпалдасу;
- Озық әдістер саласында тәжірибе алмасу;
- Ортақ екі жақты ғылыми симпозиумдар, семинарлар және конференциялар өткізу;
- Екі тарапқа мүдделі жобалар мен бағдарламаларға бірлесіп қатысу;

4  
*Есім*

- Өзекті және өзара мүдделі мәселелер бойынша ортақ ғылыми зерттеу жобаларын іске асыру;

- Білім саласына инновациялық технологияларды енгізу және дамыту бойынша ортақ іс-шаралар өткізу;

- Екі университеттің кітапханалары мен баспа орталықтары арасында байланыс құру.

(Өзара келісу тәртібімен және Келісім-шарттың Жұмыс жоспарларына сәйкес).

### 3 бап

Мемлекеттерінің заңнамаларын негізінде, әрі оларға сәйкес түрде, сонымен қатар осы келісім-шарттың баптарын назарға ала отырып, Тараптар келесі Тараптан келген қонақтар үшін өз аумақтарында тиісті жағдайлар жасауға қолдау көрсетеді.

Осы келісім-шартты іске асыру қаражаттары төмендегілер тарапынан қамтамасыз етіледі:

- университеттер (мүмкіншіліктері шеңберінде);
- алмасуға қатысушылар (жұмыс бағдарламаларына байланысты);
- ұлттық және халықаралық бағдарламалар, демеушілер.

### 4 бап

Тараптар өзара келісім арқылы осы Келісім-шарттың мәтініне өзгертулер мен толықтырулар енгізе алады. Осы Келісім-шартты нақтылау мақсатында қатысты факультеттер арасында жұмыс жоспарына қол қойылады.

### 5 бап


Университеттердің біріне келген тұлғалар сол елдің заңдарына және университеттің ережелеріне бағыну қажет.

### 6 бап

Осы Келісім-шарт қол қойылған күннен бастап күшіне енеді, әрі бес жылға жарамды.

Осы Келісім-шарттың мерзімі бітуінен 3 ай бұрын Тараптардың бірі келесі тарапқа тоқтатылуы туралы хабарламаған жағдайда, автоматты түрде келесі мерзімге ұзартылады.

Осы Келісім-шарт қазақ, башқұрт және орыс тілдерінде екі данадан етіп жасалып, Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді. Екі нұсқа да бірдей заңдылық күшіне ие.



7 бап

Тараптардың әрқайсысы бір жақты тәртіппен осы келісім-шартты мерзімінен бұрын 90 күн бұрын екінші тарапқа жазбаша түрде хабарлау арқылы бұзуға құқылы.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті атынан

Ректор   
**Б.Ж.Әбдірайым**  
«29» 11 2010 ж.



Башқұрт мемлекеттік университеті  
атынан

Ректор   
**А.І. Мустафин**  
«29» 11 2010 ж.



